

Бекітілген
Жалғыз құрылтайшының шешімімен
(«Атамекен» Қазақстан Республикасы
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
Басқарма төрағасының м.а.
2024 жылғы 09.04
№ 43 бұйрығы)

«Қазақстанның сыртқы сауда палатасы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
жарғысы

Астана қаласы, 2024 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайды.

2. Серіктестіктің Атауы:

мемлекеттік тілде:

толық: «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
қысқартылған - «ҚССП» ЖШС

орыс тілінде:

толық: Товарищество с ограниченной ответственностью «Внешнеторговая палата Казахстана»;

қысқартылған - ТОО «ВПК»

ағылшын тілінде:

толық: «Chamber of International Commerce of Kazakhstan» Limited Liability Partnership;
қысқартылған - «KAZCIC» LLP.

3. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы немесе Жалғыз қатысушы) болып табылады:

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй.

Банк деректемелері:

БСН 130940010947

ЖСК: KZ156010111000183880

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы» АҚ-да

Банк БСК: HSBKKZKX

КБЕ 18.

4. Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-ғимарат, п.н.15.

5. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмейді.

6. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауы: «Егемен Қазақстан» газеті, «Казахстанская правда» газеті.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

7. Серіктестік заңды тұлға құқықтарын өзінің мемлекеттік тіркелген кезінен бастап алады.

8. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде есеп айырысу және өзге де шоттары, өз атауы бар фирмалық бланкілері болады.

9. Серіктестік өз қызметінің максаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

10. Серіктестік өзінің орналасқан жерін ауыстырған кезде Серіктестік бұл туралы оны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға және заңды тұлғаларды Серіктестіктің жаңа орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне қажетті өзгерістер енгізу үшін хабарлауға міндетті.

11. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы. Серіктестік оны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға өзінің филиалдарын құру және өкілдіктерін ашу туралы, сондай-ақ олардың орналасқан жері туралы хабарлауға міндетті.

12. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және өз Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13. Серіктестікке қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі енгізген салым құны шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

3. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. Қатысушының құқығы бар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жарғыда көзделген тәртіппен серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестік қызметінен табыс алу, таза табысты бөлуге қатысуға;
- 3) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Серіктестіктің қаржылық есептілігімен, бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
- 4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;
- 6) Серіктестік органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуді талап етуге;
- 8) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен асатын сомаға мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жасау туралы сондай-ақ, Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне әсер етуі мүмкін инвестициялық және стратегиялық сипаттағы мәмілелер, стратегиялық әріптестік (ынтымақтастық) туралы шарттар, оның ішінде жалғыз қатысушымен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент еместерімен және Серіктестіктің үлестес тұлғаларымен жасалатын мәмілелер туралы ақпарат алуға;

Қатысушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

15. Серіктестікке қатысушы міндетті:

- 1) Серіктестік Жарғысының талаптарын сақтауға;
- 2) Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде енгізуге;
- 3) Серіктестікпен коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге;
- 4) атқарушы органға атауының, орналасқан жерінің, мекенжайының, банк деректемелерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға.

16. Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің осы Жарғысында көзделген басқа да міндеттерді атқара алады.

4. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫНА ЖӘНЕ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

17. Серіктестік Қатысушының талабы бойынша Серіктестіктің өз Қатысушысының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

18. Серіктестікке Қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат деп танылады:

- 1) Серіктестікке Қатысушы, атқарушы орган қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 2) Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы және (немесе) олардың қолданылуын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы, сондай-ақ Серіктестік бұрын алған қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға арналған лицензиялардан айыруы;

- 3) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;
- 4) баланстық құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын Серіктестіктің мүлкі нәтижесінде жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
- 5) Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту;
- 6) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 7) Тексеру комиссиясының қорытындысы, аудиторлық есеп (бар болса);
- 8) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат;
- 9) Серіктестіктің қарыздар, кредиттер алуы туралы ақпарат;
- 10) Серіктестік Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Серіктестікке Қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

19. Серіктестіктің қатысушының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ Қатысушыға өзге де ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Ақпарат беру туралы өтініш өтініштің себептері мен талаптардың мәнін көрсете отырып, Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша түрде жолдануға тиіс.

19-1. Серіктестік тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін Жалғыз қатысушыға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен асатын құны Серіктестік жасаған мәмілелердің немесе өзара байланысты мәмілелердің, сондай-ақ инвестициялық және стратегиялық сипаттағы мәмілелер, Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне әсер етуі мүмкін стратегиялық әріптестік (ынтымақтастық) туралы шарттар, Жалғыз қатысушымен мәмілелер жасасуды қоспағанда, шарттардың көшірмелерін ұсына отырып, Қазақстан Республикасының резидент еместермен және Серіктестіктің үлестес тұлғаларымен мәмілелердің тізбесін ұсынады.

20. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Серіктестік корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруды) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қатысушыға ұсынылуға тиіс.

21. Серіктестік өтініштерді қабылдауды, тіркеуді және есепке алуды жүзеге асырады. Өтінішке дәлелді жауап жазбаша өтініш тіркелген сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде беріледі.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАР

22. Серіктестіктің оның қызметіне қатысты құжаттары Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша оның бүкіл қызмет мерзімі ішінде Серіктестіктің сақтауына жатады.

23. Келесі құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Серіктестік Жарғысы, Серіктестік Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауына қолданыстағы лицензиялар;
- 3) Серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;
- 4) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 5) Серіктестікке Қатысушы қабылдаған шешімдер;
- 6) Басқарма отырысының хаттамалары, Басқарма күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар.

24. Өзге де құжаттар, оның ішінде қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, белгіленген мерзім ішінде сақталады.

25. Қатысушының талабы бойынша Серіктестік оған осы Серіктестік Жарғысының 4-бөлімінің 21-тармағында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде осы бөлімнің 22 және 23-тармақтарында санамаланған құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ (ТҮРЛЕРІ)

26. Серіктестік қызметінің мақсаты таза табыс алу әрекеті болып табылады.

27. Мақсатқа жету үшін Серіктестік келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) шетелде филиалдар мен өз өкілдіктерін құрады және таратады;

2) шетелдік ұйымдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес, іскерлік кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңесші органдар құрады және жүргізеді;

3) көрмелерді, форумдар мен жәрмеңкелерді, оның ішінде шетелде ұйымдастыру және өткізу;

4) Қазақстан Республикасында өткізілетін халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелердің, ұлттық және өңірлік көрмелер мен жәрмеңкелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын шетелдегі халықаралық көрмелердің тізілімін жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын дамыту және ілгерілету жүйесі операторының функцияларын жүзеге асырады;

6) әлемдік нарықта қазақстандық тауарлар мен қызметтерді ілгерілету үшін халықаралық маркетинг пен жарнамалық қолдауды жүзеге асырады;

7) ақпараттық, бағалау, брокерлік, маркетингтік, жарнамалық, аударма және консалтингтік қызметтер көрсетеді;

8) экспортты-импортты реттеу мәселелері, өткізілетін жәрмеңкелер, көрмелер, халықаралық тауар айналымы және төлемдер, халықаралық сауда мен шаруашылық ішкілік қызметке байланысты басқа да мәселелердің жай-күйі бойынша барлық елдердің заңнамасы туралы ақпаратты жинауды, талдауды және ұсынуды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының сыртқы сауда мәмілелерінің және халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында танылған сауда және порттық әдет-ғұрыптарын куәландырады;

10) еңсерілмейтін күш мән-жайларын және Қазақстан Республикасының аумағында жасалған мәмілелер мен шарттардың талаптарына сәйкес келуін, сондай-ақ халықаралық практикаға сәйкес «Hardship» мән-жайларының басталуын куәландырады;

11) кепілгер ретінде әрекет етеді және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес уақытша әкелу туралы құжаттарды береді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

28. Серіктестік белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамасында лицензиялау көзделген қызмет түрлерін және іс-қимыл түрлерін жүзеге асыру үшін лицензиялар алады.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

29. Серіктестіктің жарғылық капиталы: 185 200 (бір жүз сексен бес мың екі жүз) теңгені құрайды.

30. Серіктестіктің жарғылық капиталы Серіктестік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде қалыптастырылуға тиіс.

31. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне және өзге де мүлікке құқық болуы мүмкін. Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

32. Жарғылық капитал Серіктестікке Қатысушының шешімі бойынша келесі жолмен ұлғайтылуы мүмкін:

1) Қатысушы жүргізетін қосымша салымдар;

2) Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен Жарғылық капитал мөлшерін ұлғайту;

3) Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

33. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі мөлшерден кем жарғылық капиталды азайтуға жол берілмейді.

34. Серіктестік оны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш ай ішінде жарғылық капиталды ұлғайту туралы хабарлауға міндетті. Хабарлау сәтіне жарғылық капитал ұлғайтылатын соманың кемінде жартысына салымдар енгізілуі тиіс.

35. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту және азайту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып және тәртіппен жүзеге асырылады.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

36. Серіктестіктің мүлкі оған Қатысушының салымдары, Серіктестік алған кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

37. Серіктестіктің заңнамалық актілерінде немесе құрылтай құжаттарында резервтік капиталды және басқа қорларды қалыптастыру көзделуі мүмкін.

38. Мүлік меншік құқығындағы Серіктестікке тиесілі және оның теңгерімінде ескеріледі.

9. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

39. Серіктестіктің органдары болып табылады:

- 1) Серіктестіктің жоғарғы органы – Жалғыз қатысушы;
- 2) Серіктестіктің атқарушы орган (алқалы) – Басқарма;
- 3) Қаржы-бақылау органы – Тексеру комиссиясы (ревизор).

40. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау (тағайындау) және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының сандық құрамы мен мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

3) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру және осындай беру шарттарын айқындау;

4) Серіктестіктің Тексеру комиссиясын (ревизорын) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің Тексеру комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысын бөлу;

6) Бюджетті бекіту (оның ішінде түзетулер енгізу), бюджеттің атқарылуы туралы есептерді және серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі мен өндірістік қызметі жөніндегі ағымдағы есептерді қарау;

7) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;

8) басым бағыттар мәселелері бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды, даму стратегиясы мен жоспарларын, қызметкерлердің этикасын, мүдделер қақтығысын, Серіктестік бюджетін, Тексеру комиссиясының (ревизордың), атқарушы органның және серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мәселелері жөніндегі қызметін, осы Жарғымен және/немесе қатысушының шешімімен бекітілетін құжаттардан басқа, Серіктестік филиалдары және/немесе өкілдіктері қызметінің, коммерциялық құпияның сақталуының тәртібі мен шарттарын бекіту, серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған;

9) Серіктестіктің өзге коммерциялық және/немесе коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы (мүшелігі)/қатысуын (мүшелігін) тоқтату туралы, оның ішінде акцияларды, қатысу үлестерін сатып алу/иеліктен шығару жолымен, дербес және/немесе басқа заңды тұлғалармен бірлесіп өзге заңды тұлғалар құру туралы шешім қабылдау;

9-1) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен асатын соманы (сомаларды) тарта отырып, мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау, соның нәтижесінде Серіктестік мүлікті кепілге, жалға, лизингке, өтеусіз және өтеулі пайдалануға береді (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін), сондай-ақ осындай мүліктің тізбесін айқындау және Жалғыз қатысушымен

мәмілелер жасасуды қоспағанда, тиісті шартқа (мәмілеге) қол қоюға уәкілетті адамды айқындау;

9-2) Жалғыз қатысушымен мәмілелер жасасуды қоспағанда, Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне, оның ішінде Серіктестіктің үлестес тұлғаларымен мәмілелерге әсер етуі мүмкін консорциондық, ұзақ мерзімді (бір қаржы жылынан астам) мәмілелер, сондай-ақ инвестициялық және стратегиялық сипаттағы мәмілелер, стратегиялық әріптестік (ынтымақтастық) туралы шарттар жасасу туралы шешім қабылдау;

9-3) Серіктестіктің талапты басқа тұлғаға басқаға беруі туралы шешім қабылдауы және ақшалай талапты басқаға беру үшін қаржыландыру (факторинг);

9-4) Серіктестіктің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін ұлғайту, үшінші тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы шешім қабылдау, оның ішінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес мың еселенген мөлшерінен асатын сомаға үшінші тұлғалар үшін кепілдіктер мен кепілгерліктер беру және тиісті шартқа (мәмілеге) қол қоюға уәкілетті тұлғаны айқындау;

10) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

11) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

12) Серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

13) Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

14) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына және сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

15) Серіктестік қызметінің және/немесе Даму стратегиясының басым бағыттарын айқындау, оның ішінде қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын серіктестік немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау, сондай-ақ серіктестіктің қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясының сақталуын және оның ашылуын қамтамасыз ету жөніндегі тәртіпті бекіту;

16) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;

17) Серіктестіктің Қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді серіктестіктің Тексеру комиссиясының (ревизорының) және (немесе) тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың тағайындауы, оның ішінде бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

17-1) Серіктестік қызметкерлеріне, Басқарма төрағасына және / немесе мүшелеріне біржолғы ынталандыру және өзге де төлемдерді төлеу жөнінде шешім қабылдайды;

18) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру (ашу) туралы шешім қабылдау, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қызметін тоқтату, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Жалғыз қатысушы бекіткен Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

41. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Серіктестіктің жарғысында оның құзыреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез-келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

42. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

43. Жалғыз қатысушы, егер серіктестіктің жарғысында өзгеше белгіленбесе, өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді серіктестіктің атқарушы органына беруге құқылы.

44. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы Басқарма төрағасының айрықша құзыретіне серіктестіктің Басқарма төрағасының шетелдік қызметтік іссапарларын келісу жатады.

45. Серіктестіктің қызметіне ағымдағы, жедел басшылықты және оның істерін жүргізуді Серіктестіктің алқалы атқарушы органы – Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Жарғыда Серіктестіктің басқа органдарының немесе лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған серіктестік қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарма өз қызметінде жалғыз қатысушыға бағынады және есеп береді және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін олардың алдында жауап береді.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері заң актілерінде, осы Жарғыда және серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарында, сондай-ақ аталған адам Серіктестікпен жасасатын еңбек шартында (келісімшартында) айқындалады. Серіктестік атынан Басқарма Төрағасымен (атқарушы органның басшысымен) еңбек шартына жалғыз қатысушы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдерді Басқарма алқалы түрде қабылдайды және хаттамалармен ресімделеді.

46. Басқарма төрағасы тек қана келесі мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайды:

1) Серіктестік қызметіне ағымдағы басшылықты, сондай-ақ серіктестік құрған заңды тұлғалардың, сондай-ақ Серіктестіктің жарғылық капиталына қатысатын заңды тұлғалардың құрылтайшы, қатысушы, акционер (және т.б.) функцияларын жүзеге асыра отырып, олардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

2) Серіктестіктің мүдделерін білдіреді және мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен, тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Жарғыға сәйкес, Серіктестіктің қаражаты мен мүлкіне билік етеді;

4) Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда орналастыруды ұйымдастырады;

5) Жалғыз қатысушының, Серіктестік басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

6) сенімхатсыз Серіктестік атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста әрекет етеді;

7) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

8) банктерде шоттар ашады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды ұйымдастырады;

9) Серіктестік қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (заңнамада және осы Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады (біржолғы ынталандырушы және өзге де төлемдерді қоспағанда) және тәртіптік жаза қолданады;

10) Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін штат кестесіне және лауазымдық айлықақылар схемасына сәйкес белгілейді, штат кестесін, ұйымдық құрылымы мен штат санына сәйкес, сондай-ақ Серіктестіктің уәкілетті органы бекіткен еңбекақының шекті мөлшеріне сәйкес, еңбекақы төлеу схемасын бекітеді;

11) ол болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Серіктестік Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

12) Серіктестіктің Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

13) осы Жарғыға сәйкес, Жалғыз қатысушының шешімімен бекітілетін Серіктестіктің ішкі құжаттарын қоспағанда, серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында ішкі құжаттарды бекітеді;

14) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшердегі соманы (сомаларды) тарта отырып, мәмілелер немесе Серіктестік атынан өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешімдер қабылдайды және жасасады, соның нәтижесінде Серіктестік мүлікті кепілге, жалға, лизингке, өтеусіз және өтеулі пайдалануға сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін).

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда тыйым салынбаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Серіктестіктің Басқарма мүшелеріне тыйым салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестіктен мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер жасасуға (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т.б. шарттарды қоса алғанда);

2) үшінші тұлғалармен Серіктестік жасасқан мәмілелер үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақылар алу, олардың Серіктестікпен қарым-қатынасында үшінші

тұлғалардың атынан немесе олардың мүдделері үшін әрекет ету;

3) Серіктестік атынан Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

4) жақын туыстарымен және/немесе оның жақын туыстары қатысушы немесе акционер немесе атқарушы органдардың мүшелері болып табылатын заңды тұлғалармен Серіктестік атынан мәмілелер жасасу.

48. Серіктестіктің атқарушы органының Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін тексеру комиссиясы (ревизор) құрылуы мүмкін. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі қатысушы қабылдайтын қағидалармен және өзге де ішкі нормативтік құжаттармен айқындалады.

49. Тексеру комиссиясы (ревизор) кез-келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Тексеру комиссиясының талабы бойынша Басқарма ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктемелер беруге міндетті. Тексеру комиссиясы (ревизор) Серіктестікте тексеру жүргізу үшін Жалғыз қатысушының қызметкерлерін олардың келісімімен тартуға құқылы.

50. Тексеру комиссиясы (ревизор) құрылған жағдайда Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін Қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексеруді жүргізеді.

51. Тексеру комиссиясы (ревизор) жалғыз қатысушы бекіткен жылдық жұмыс жоспары негізінде және жалғыз қатысушының жоспардан тыс тапсырмалары негізінде Қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асырады.

52. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін. Серіктестік серіктестікпен, Басқарма мүшелерімен немесе қатысушымен мүліктік мүдделермен байланысты емес кәсіби аудиторды (сыртқы аудит) тартуға құқылы тартуға құқылы.

53. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА КІРІСІ МЕН ШЫҒЫНЫ

54. Серіктестіктің таза табысы оның қаржылық есептілік негізінде бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша айқындалады.

55. Серіктестіктің кірісі материалдық және оларға теңестірілген шығындар мен еңбекақы төлеу шығындарын өтегеннен кейін шаруашылық қызметті жүзеге асырудан қалыптасады. Серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады. Бір жылдағы қызмет нәтижелері бойынша таза табысты бөлу «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

56. Серіктестік қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтарын сақтайды.

57. Серіктестік қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

58. Серіктестік барлық жұмыс істейтіндер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігіне келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

12. ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

59. Серіктестікке қатысушы Серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін басқа тұлғаларға сатуға немесе өзге тәсілмен беруге құқылы. Серіктестікке қатысушы үшінші тұлға алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесті (оның бір бөлігін) тең дәрежеде кепілге қоюға құқылы.

60. Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының талаптарын сақтай отырып жүргізілген жаңа қатысушыны Серіктестікке қабылдау Серіктестікке Қатысушы мен қосылған

қатысушы арасында Құрылтай шартын жасасу жолымен жүзеге асырылады.

61. Серіктестіктің мүлкіндегі Қатысушының үлесі оның Серіктестіктің жарғылық капиталына қосқан үлесіне пропорционалды және салым төленген бөлігінде ғана салым толық төленгенге дейін иеліктен шығарылуы немесе кепілге қойылуы мүмкін. Кез-келген негіздер бойынша үлеске құқықтардың жоғалуы Қатысушының Серіктестіктен шығуына әкеп соғады.

13. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ (ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ) ШАРТТАРЫ

62. Серіктестік Қатысушының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

63. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.


14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

64. Осы Жарғы Серіктестік Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

65. Жарғыға барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша рәсімделеді, Серіктестіктің уәкілетті тұлғаларымен қол қойылады.

Қазақстанның сыртқы сауда палатасы ЖШС
Басқарма төрағасы





М. Қарымсақов

Утвержден
решением Единственного учредителя
(Приказ И.о. Председателя Правления
Национальной палаты
предпринимателей
Республики Казахстан «Атамекен»
от 09.04 2024 года № 48)

**УСТАВ
ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«ВНЕШНЕТОРГОВАЯ ПАЛАТА КАЗАХСТАНА»**

город Астана, 2024 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав (далее - Устав) товарищества с ограниченной ответственностью «Внешнеторговая палата Казахстана» (далее - Товарищество) определяет правовой статус Товарищества как юридического лица.

2. Наименование Товарищества:

на государственном языке:

полное: «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

сокращенное - «ҚССП» ЖШС

на русском языке:

полное: Товарищество с ограниченной ответственностью «Внешнеторговая палата Казахстана»;

сокращенное - ТОО «ВПК»

на английском языке:

полное: «Chamber of International Commerce of Kazakhstan» Limited Liability Partnership;

сокращенное - «KAZCIC» LLP».

3. Единственным участником (далее - Участник или Единственный участник) Товарищества является:

Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен».

Юридический адрес: Республика Казахстан. 010000, город Астана, район «Нұра», проспект Қабанбай батыр, дом 19.

Банковские реквизиты:

БИН 130940010947

ИИК: KZ156010111000183880

в АО «Астанинском региональном филиале АО «Народный Банк Казахстана»

ВИК Банка: HSBKKZKX

КБЕ 18.

4. Местонахождение исполнительного органа Товарищества: Республика Казахстан, 010000 город Астана, район «Нұра», проспект Қабанбай батыр, здание 17, н.п.15.

5. Срок деятельности Товарищества неограничен.

6. Наименование средств массовой информации, используемых для публикации информации о деятельности Товарищества: газета «Егемен Қазақстан», газета «Казахстанская правда».

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

7. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

8. Товарищество имеет печать, самостоятельный баланс, расчетный и иные счета в банках, фирменные бланки со своим наименованием.

9. Товарищество для достижения целей своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

